

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС № 4/1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

10.02.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ж.Е.Нурматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялық персонал –ХКТУ доценті С.Қ.Оразбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мауқенбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленқұл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

Күн тәртібі:

2023-2024 оқу жылы үшін 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих және 7M02212-Түркітану ББ Есувоға ұсыну

Тыңдалды:

АК төрағасы Д.Ш.Шауенов: Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібіндегі мәселе бойынша яғни, 2023-2024 оқу жылы үшін 7M02211-Дінтану ББ Есуво электрондық базасына ұсыну жайлы кафедра аға оқытушысы А.Бейсеновке сөз берейік.

АК мүшесі, академиялық персонал А.Бейсенов: 2023-2024 оқу жылына 7M02211-Дінтану білім беру бағдарламасын әзірледік. Білім беру бағдарламасына жаңа пән қосылған жоқ. Дегенмен кредит жағынан аздап өзгерістер орын алды. Атап айтар болсақ, Қорытынды аттестаттау модулі бойынша магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредит 8 кредитке қысқарды. Ал артылған 4 кредит 3 семестрде оқытылады таңдау компонентіндегі 5 кредиттік 6 пәнге қосылды. Олар: Діндарлық психологиясы мен Дін және ғаламтор пәндері 7 кредит, Дінтану әдіснамасы мен Қазіргі заманғы діни үдерістер пәндері 6 кредит, Діни білім беру мен Киелі мәтіндер: кеше және бүгін пәндері 6 кредит көлемінде оқытылады болды. Сонымен қатар Ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі Академиялық ғылыми жазба пәні 1 семестрден 2 семестрге ауыстырылды. Ал жоғары оқу орны компонентіндегі Дәстүрлі түркілік діни таным пәні 2 семестрден 1 семестрге ауыстырылды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылы үшін 7M02211-Дінтану БББ-на алып қосарларыңыз болмаса бекітуді және Есуво электрондық базасына енгізуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

АК мүшесі, академиялық персонал Ж.Нурматов: 2023-2024 оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін 7M02262-Теология білім беру бағдарламасына жаңа пән қосылған жоқ. Алайда пәндердің кредиттерінде өзгерістер болды. Қорытынды аттестаттау модулі бойынша магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредит 8 кредитке қысқарды. Ал артылған 4 кредит 3 семестрде оқытылады таңдау компонентіндегі 5 кредиттік 6 пәнге қосылды. Олар: Киелі мәтіндер интерпретациясы мен Қолданбалы дін социологиясы пәндері 7 кредит, Хадистерді сыни талдау мен Қазақстандағы зайырлылық ұстаным пәндері 6 кредит, Теологияның әдіснамалық

проблемалары мен Дін саласындағы халықаралық құқық пәндері 6 кредит көлемінде оқытылады болды. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі Академиялық ғылыми жазба пәні 1-семестрден 2-семестрге ауыстырылды. Жоғары оқу орны компонентіндегі Әл-Фараби мұрасында дін және мемлекет қатынасы пәні 2-семестрден 1-семестрге ауыстырылды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылы үшін 7M02262-Теология БББ-на алып қосарларыңыз болмаса бекітуді және Есуво электрондық базасына енгізуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

АК мүшесі, Академиялық персонал Примкулова Г.Ж.: Жалпы магистратура 7M02210-Тарих ББ бағдарламасы 2 жылға 120 кредитті қамтиды. Оның ішінде базалық пәндер 35 кредит, Бейіндеуіш пәндер циклі – 53 кредит, Ғылыми зерттеу жұмысы – 24 кредит және магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау – 8 кредитті қамтиды. 7M02210-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер / Орталық Азиядағы этносаяси процестер – 10 кредит.

2. Әлем тарихының іргелі мәселелері / Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері – 9 кредит.

2023-2024 оқу жылы үшін 7M02210-Тарих БББ-на алып қосарларыңыз болмаса бекітуді және Есуво электрондық базасына енгізуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

АК мүшесі, Академиялық персонал Кенан Семиз: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері:

1. Түркі тілдеріндегі сөздер мен фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері/ XV-XIX ғасырлардағы түркі тілдерінің зерттелуі – 5-тен-6 кредит

2. Түркі халықтары туралы зерттеулердің этно-генетикалық және генеалогиялық негіздері/ Еуропа ғалымдарының түркітанымдық зерттеулері – 5-тен – 6 кредит

3. XI-XVI ғасырлардағы араб жазуындағы түркі ескерткіштері/ Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу әдіснамасы – 5-тен – 7 кредит болып өзгертілді.

2023-2024 оқу жылы үшін 7M02212-Түркітану БББ-на алып қосарларыңыз болмаса бекітуді және Есуво электрондық базасына енгізуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ: 2023-2024 оқу жылы үшін 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих және 7M02212-Түркітану БББ-сы Есуво электрондық базасына ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Д.Ш.Шауенов

Хатшы:



М.Төлеген